

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 шілде N 1125

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. <\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 62 қаулысымен. P020062\_

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автомобиль жолдары бойынша мемлекетаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының салмақтары мен көлемдері туралы келісімнің депозитарийін Қазақстан Республикасы қол қойған кезде жасаған Қазақстан Республикасының аумағы бойынша мемлекетаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының рұқсат етілген параметрлеріне қатысты ескертпелердің алынып тасталатындығы туралы хабардар етсін, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы 2000 жылдың 1 тамызынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 25 шілдедегі N 1125

қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Министрлер

Кабинетінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі N 557

қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша жүруге арналған көлік құралдарының рұқсат етілген параметрлері

1. Көлік құралдарының ең үлкен көлемдері:

Көлемдердің атауы	! Көлемнің ең үлкен мөлшері, м
-----	
Ұзындығы:	
жүк автомобилінің	12,00
автобустың	12,00
тіркеменің	12,00
қосарланған автобустың	18,00
қосарланған көлік құралының	20,00
автопоездың	20,00
-----	
Ені:	
барлық көлік құралдарының	2,55
изотермиялық қораптардың	2,60
-----	
Биіктігі	4,00
-----	

Жүк көлік құралы көлемінің соңғы нүктесінен тысқары 2 метр аспауы керек.

2. Көлік құралдарының ең үлкен салмағы, т 40,0

3. Көлік құралдарының ең үлкен біліктік салмағы:

Біліктердің тұрпаты	! Біліктік
	! салмақтың ең ! үлкен қосындысы, ! т
Біліктердің арасындағы қашықтық 2,5 м және одан артық болған кездегі жалғыз білік	10,0
Біліктердің арасындағы қашықтық 1,3 м бастап 1,8 м дейін болған кездегі қосарланған біліктер	16,0
Біліктердің арасындағы қашықтық 1,3 м бастап 1,8 м дейін болған кездегі үшеуі қосылған біліктер	22,5

Біліктердің арасындағы қашықтық 1,3 метрден бастап 1,8 метрге дейін болған кезде, біліктердің саны 3-тен астам тіркемелер мен жартылай тіркемелердің сабақтас біліктерінің біліктік салмағы 7,5 тоннадан аспауы тиіс.

Салмақтық жүктемелер көктемгі кезеңде, жол төсемінің алып жүру қабілеті төмен учаскелерінде уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша азайтылуы мүмкін.

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.